

ЗАҢ КҮШІ БАР Қазақ КСР-інің Еңбек туралы заңдар кодексіне өзгертулер енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 18 қазан N 2535

Қазақстан Республикасы Конституциясының 90-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_

1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 1972 жылғы 21 шілдедегі Қазақ ССР-інің Заңымен бекітілген Қазақ ССР-інің Еңбек туралы заңдар кодексінің 63-бабы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1972 ж., N 31; 1980 ж., N 24; 1990 ж., N 43, 404-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы; 1992 ж., N 6, 112-құжат; 1993 ж., N 3, 56-құжат; 1994 ж., N 9-10, 147-бап) мынадай редакцияда жазылсын:

"63-бап. Мереке күндері

Мынадай мереке күндері ұйымдарда жұмыс жүргізілмейді:

1-2 қаңтар - Жаңа жыл

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні

22 наурыз - Наурыз мейрамы

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі

9 мамыр - Жеңіс күні

30 тамыз - Қазақстан Республикасы Конституциясы күні

25 қазан - Республика күні

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні

Мереке күндері өндірістік-техникалық жағдайларға байланысты тоқтатылуы мүмкін емес жұмыстарға (үздіксіз жұмыс істейтін ұйымдар), халыққа қызмет көрсету қажеттігінен туындайтын жұмыстарға, сондай-ақ шұғыл жөндеу және жүк тиеу-түсіру жұмыстарына жол беріледі".

II. "Мереке күндері туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1992 ж., N 6, 112-құжат; 1993 ж., N 3, 56-құжат; 1994 ж., N 9-10, 147-құжат) күші жойылған деп

танылсын.

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК